



“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2009

“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы
Асқаров Ә.А., жауапты хатшы
Абдрахманов С.
Аяған Б.Ғ.
Әбусейітова М.Қ.
Әжіғали С.Е.
Әлімбаев Н.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Биекенов К.Ү.
Бұрханов К.Н.
Досжан А.Д.
Ертісбаев Е.Қ.
Есім Ғ.
Қасқабасов С.А.
Қошанов А.
Нысанбаев Ә.Н.
Салғара Қ.
Самашев З.
Сариева Р.Х.
Сейдімбек А.С.
Сұлтанов Қ.С.
Тұяқбаев Қ.Қ.
Түймебаев Ж.Қ.
Хұсайынов К.Ш.
Шаймерденов Е.

Р.НАРАЙАН, К.ЧАНДАР,
А.МУРТИ

МАЛЬГУДИГЕ ЛАЙЫҚТЫ ЖОЛБАРЫС
МЕНИҢ ЕСТЕЛІКТЕРІМНІҢ ШЫНАРЛАРЫ
САМСКАРА



әлем әдебиеті кітапханасы

Аударма

УДК82/821(100-87)
ББК84(4/8)
Ч18

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (серияны құрастырушы), Абдрахманов Сауытбек
(*төраға*), Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд,
Елеукенов Шерияздаң, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл,
Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр,
Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім,
Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.

Р.Нарайан, К.Чандар, А.Мурти.

Мальгудиге лайықты жолбарыс.

Ч18 Менің естеліктерімнің шынарлары. Самскара.

Орыс тілінен аударғандар *М.Хасен, Н.Шакеев, Т.Жұмаханов.*

Астана: Аударма, 2009. – 488 бет.

ISBN 9965-18-290-6

Ч $\frac{4703000000}{00(05)-09}$

УДК82/821(100-87)
ББК84(4/8)

ISBN 9965-18-290-6

© Қазақша аудармасы М.Хасен,
Н.Шакеев, Т.Жұмаханов.
© “Аударма” баспасы, 2009

АЛҒЫ СӨЗ

Әр халықтың бойтұмары сынды тұлғалары болады. Шығармаларын урду тілінде жазған қаламгерлер – Премчанд, Сударшан, Кришан Чандар, Раджендр Сингх Беди, Саадата Хасан Манго, Ахмад Надим Касми және басқа да көптеген үнді жазушыларының даңқы тек Үнді елінде емес, әлемнің басқа да елдеріне жетті.

Үнді халқының ең үздік жазушыларының бірі Кришан Чандар 1913 жылы 19 қарашада Пәкістанның солтүстігіндегі Гуджранвала округінің Вазирабад қалашығында дүниеге келген. Әкесі – дәрігер. Урду тілін жетік меңгерген, өлең жазған. Кейіннен елге жазушы болып танылған ұлдары Кришан мен Махендранатхтың және қызы Сурла Девидің жастайларынан әдебиетке қызығушылығын арттырған.

Әсерлі де бай тілі арқылы оқырманға ой салып, қоғамдағы құбылыстың ара-жігін ажыратып, дәл және нақты ой айта білген жазушы үнділердің князьдарына тағдырлары тәуелді болған жергілікті халықтың құлдық жағдайын, ақша билеген қаланың тіршілігін, адамдар бойынан алыстай бастаған мейірім мен мейірбандықты сөз етеді.

Қаламгер қаламына Кашмирдің қатал, бірақ ғажап және әдемі табиғаты; көктемнің гүлденуі немесе құлазыған шөлейттер; жұмақ және тозақ, адамның шексіз биікке көтерілуі немесе құлдилауы секілді өмірдің қарама-қайшылықтарын суреттеу тән.

“Талисман мысли” – алғашқы әңгімелер жинағын оқырмандарға ұсынған “Адаби дунья” журналын шығарушы, баспагер, танымал сыншы Салахуддин Ахмад Кришан Чандар шығармашылығының ерекшелігін, жазушының өзіндік қолтаңбасын анықтап берді.

Кришан Чандардың ең алғашқы туындыларының бірі – жазушының балалық шағы өткен Кашмирді суреттейтін романтикалық бояуы қанық “Анги” әңгімесі.

Қандай қаламгер болса да оның шығармаларына автордың өмір сүрген ортасының әсер-ықпалы болатыны белгілі. Қоғам өміріне белсене араласқан қаламгер 50-60-жылдары бірқатар өткір саяси-әлеуметтік шығармалар жазды. Осы жылдар ішінде ол ғұмырбаяндық және әлеуметтік сатира жанрына ден қойды.

“Менің естеліктерімнің шынарлары” ғұмырбаяндық диологиясы және “Глиняные фигурки” – оның шығармаларының шоқтығы. Жазушының балалық шағы суреттелген екі шығарманың әрқайсысы бір-біріне байланыссыз бірнеше сюжетке құрылған. Жазушы балалық шақтың санада қалған тәтті естеліктерімен де, өмірлік үлкен тәжірибесі бар адамның көзқарасымен де кашмирліктердің алдағы күнге деген сенімдері мен шыншылдығын мақтан тұтады. Тағдыр әр тарапқа тарыдай шашыратқан өзінің балалық кездегі достарын еске алады. Қажырлы, қайратты, жігерлі, еңбекқор, Кашмир ауылының тұрғындары туралы сөз етеді.

Нағыз дұшаны кім, шын мәнінде кіммен күресу керектігін білмеген кашмир халқын алаңдату үшін ғасырлар бойы бір жерде бейбіт ғұмыр кешкен адамдарды бір-біріне айдап салған күштер болғанын сөз етеді. Дәрігер-үндінің өз мұсылман-емделушісіне айтқан сөздері арқылы жазушы діни алауыздықты тудырушы үнді, мұсылман билігіне және түрлі мәселелерге өз көзқарасын білдіреді.

“Мұндай билікті құрту керек. Бірде-бір үндінің мұсылманға қысым көрсетуге құқығы жоқ, сол секілді бірде-бір мұсылман да үнділерге қысым көрсете алмайды. Ешбір адамның бір-біріне қысым көрсетуге құқы жоқ”.

Мамыражай отырған көршілес мұсылман көрші отырған үндіге қалай қол көтереді, бейберекетсіздік бейбіт отырған адамдардың арасына от салғаны, балалық өмірінің жұмақ-мекені Кашмирдің екіге бөлінгені жазушыны қатты қынжылтады.

Сатира – урду әдебиетінде ежелден орын алған жанр. Осы жанрды қару ретінде пайдаланған Кришан Чандар әлеуметтік мәселелерді көтерді. Оның алғашқы кездегі шығармаларында сатираның элементтері ғана көрінсе, ал соңынан сатиралық романдары мен повестер жазылды. Осылардың ішіндегі ең маңыздысы “Похождения Осла” трилогиясы, “Бумажный кораблик” және “Дети с Дадарского” повесі. Бұл шығармаларында жазушы шартты кейіпкерлерді, кейде шындыққа жанаспайтын оқиғаларда ойдан құрылған күлкілі кейіпкерлерді көрсетеді. Оның кейіпкерлері пәк, ыңғайсыз жағдайларға душар бола беретін аңқау да қарапайым, қалыптаспаған. Дегенмен ақкөңіл кейіпкерлері кез келген қиын сәттерден оңай шығып кете алады, өздерінің аңқау, пәк қалыптарымен өмір ағыстарының тереңіне де бойлай алады.

Қазіргі заманғы үнді әдебиетінің көрнекті өкілі, тосын сипатты шығармаларымен әлем оқырмандарына жақсы таныс Ананта Мурти 1930 жылы дүниеге келген. Жазушы, ақын Ананта Муртидің өлеңдер жинағы және бірнеше романдары жарық көрген. “Самскара” – ең әйгілі шығармасы. Бұл повесінде адамның ақиқатты іздеу жолындағы арпалысы, дәстүрлі таным мен өз көңілінің қалауы арасында екі жарылған күйі психологиялық талдау тәсілімен терең ашылған. Шығармада адам бойындағы ізгіліктің белсенді және көмескі бастаулары философиялық пайымдау елегінен өткен.

Повесть кейіпкері брахман Пранешачария бір тұста “адам өз бетінше дербес шешім қабылдап, өмірдегі жолын өзі таңдау арқылы ғана өзін адам етеді”, – дейді. Мұны ол адамның жеке тұлғаға айналуының бұлжымас шарты ретінде айтады.

А.Муртидің бас кейіпкері Пранешачария қоғамдағы дәстүр ырқы өзіне міндеттеген жүктен жеке басын азат етіп, өз еркімен, өз қалауымен дербес әрекет етудің қаншалықты қиын екеніне өз тәжірибесі арқылы көз жеткізеді.

Р.Нарайан үнді әдебиетіне өткен ғасырдың 30-жылдарының ортасында келген. Ол Мадраста, брахмандар отбасында туған. 1935 жылы шыққан тұңғыш повесі оқырман қауымның назарын аударды.

Нарайан шығармаларының оқиғасының дені Үндістанның Малгуди қалашығында өтеді. Сыншылар оны Уильям Фолкнердің кітабындағы Миссисипи штатының Йокнапатоф жерімен салыстырады. Малгуди де Йокнапатоф сияқты, аядай жерді іздесең картадан таба алмайсың, ол – қаламгердің шығармашылық қиялының жемісі. Уильям Фолкнер Йокнапатоф туралы: “Осы бір картада жоқ аядай жерді суреттеп шығуға бүкіл өмірім жетпейтінін мен “Сарторис” романын жаза бастағаннан аңғардым” деп жазды. Уильям Фолкнер айтқандай, Нарайанның да бүкіл өмірі Малгудиді суреттеуге арналған.

Нарайанның шығармашылығының екінші кезеңі 40-50-жылдарға сәйкес келеді. Бірінші лирикалық циклмен салыстырғанда, екінші кезеңіндегі шығармаларының дені сатиралық сипатта.

Батыс сыншылары Нарайанды орыстың ұлы жазушысы, әңгіменің хас шебері А.П.Чеховпен салыстырады. Ол адамдар бойындағы жағымсыз қылықтарды, қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды көре тұра сарыуайымға салынбайды. Оның гуманистік мұраты адамдар бойындағы жағымсыз қылықтарды ақтап алуға негізделген.

Қазақ оқырмандарына ұсынылып отырған бұл жинақта белгілі үнді жазушыларының туындылары беріліп отыр.

Қарлығаш САРЕКЕНОВА

филология ғылымдарының кандидаты

Разипурам НАРАЙАН

**МАЛЬГУДИГЕ ЛАЙЫҚТЫ
ЖОЛБАРЫС**

КІРІСПЕ

Он екі жылда бір рет Кумбх Мела мейрамы келгенде, халықтың орасан қалың тобыры үш өзен – Ганг, Джамна және Сарасватидің құйылысатын Аллахабадтың тұсына жиналып, олардың суларында қасиетті дәстүрлі шомылуларды жүзеге асыратын. Халықтың осынау нөпірінде серігі ретінде жолбарысты ертіп жүретін, дүниені тәрк еткен тақуа дәруіш те бой көрсететін. Жыртқыш тақуаның қасында ешбір байлаусыз адымдайтын, себебі тақуаның сендіруіне қарағанда, өздерінің бұдан бұрынғы тірліктерінде олар ағалы-інілі бауырлар болған көрінеді. Жолбарыс ешкімді қорқытпай, ешкімге зияндық жасамай, тәуеп етушілердің ортасында емін-еркін қыдырыстап жүре беретін.

Осы бұрын ешкім көрмеген жұп жайлы оқуға немесе фотосуреттерді көруге орайы келгенде, мен ә дегеннен сене қойған жоқпын. Бірақ осындай жағдай жайлы ойға бой үйреткен соң, мен оны роман үшін пайдалануға болмас па екен деп пайымдай бастадым. Оның үстіне жолбарыс пен адамның арасындағы достық турасындағы тағы да бірнеше жағдайлар маған аян болған-ды. Бұл тақырып мені ойландыруын жалғастыра берді, бірақ осыдан бір жылдай бұрын оған кенет “жан бітті” – бірде маған кітаптың арасынан ұзын қатырмалы қағаз қыстырма кездесті, онда әп-әдемі шөнжік: “Менің жақсы кітапқа енгім келеді!” – деп өтініп тұр екен. Егер олар романшыларды қамқорлайтын болса, бұл музалар тарапынан ишара емес пе екен? Сөйтіп мен шөнжікке:

– Сен міндетті түрде менің кітабымнан орын аласың, бірақ ол жақсы болып шыға ма, жоқ па, оған мен уәде бере алмаймын, – деп жауап қайырдым.

Және менің ойыма сирек жағдайларда болмаса, жазушылардың қиял-елестерін тек қана адамдар берік билеп алатындығы келді. Адамдар өзінің тәкаппарлық тоқмейілсінуінде өзге тіршілік

иелерінде өзіндік тұлға, сөйлеу қабілеті болмаса да, ой-пікір, адамгершілік қағидаларына ие болулары мүмкін деген ойға оңайлықпен жол бермейді. Адам өзінің салыстыруға еш келмейтін маңыздылығына әбден сеніп алған және қалған әлем тек оны сергітуге, көңілдендіруге және қоректендіруге ғана жаратылған деген кәміл пікірдің жетегінде кеткен. Ақындардың ұлысы – Вальмики – “Рамаянаны” жасаушысы, сыңарын аңшы атып тастаған құстың азап шеккенін көргенде: “Адам – өлімге душар етуші! Ол жазықсыз тіршілік иелеріне бейбіт ұя салуға мүмкіндік бермейді...”, – деп айғай салған. Сөйтіп мен, егер мен жолбарысты романның басты кейіпкері жасасам не шығатынын көргім келді.

– Бірақ, неге тек жолбарысты? Неге тышқанды емес? – деп сұрады менен жаңа романымның тақырыбын еске алғанда сұхбат алушы пысық жорналшы аталмыш романның атын атай отырып.

Мен не деп жауап берейін?

– Басты кейіпкерімнің аяғын ешкім байқаусызда басып кетпеуі және ініне кіріп кетпеуі үшін, – дедім.

Менің повесім кәрі жолбарыстың торда жатқанынан және зердесінде өткенді еске алуынан басталады: міне, ол шөнжік, міне ол жунглиде¹ қаһарлана жортып жүр, міне, енді, еріксіздікке душар болып, цирк жұлдызына айналады. Кино экспедициясының лагерінен қашып шыққан ол, қаладан бір-ақ шығады. Зәрелері ұшқан қала тұрғындары оны тезірек атып тастауды талап етеді, бірақ осы кезде тақуа диуана пайда болып, аңға қолұшын береді де, оны өзіне серік етіп алады.

“Ол кім? Қайдан?” – елдің бәрінің, сөз жоқ, осыны білгілері келер еді, бірақ: “Сен кімсің?” деген сауалға ол тек қана: “Мен осы сұраққа түсінік іздеп жүргеннің өзімін” деп жауап беретін. Метафизикалық шимай-шатпақ па? Жоқ, бұл берілген сауалға қайтарылған тікелей және түбегейлі жауап. Адамды өзін-өзі түйсініп білудің аса құмарлық қажеттілігі билеп алғанда, ол үйреншікті тіршілігі мен ойлаудың орныққан тәсілдерін тастауы қажет. Ол тақуаға, сопыға айналады. “Саньяси”, “садху”, “йога” немесе “свами-джи” анықтауыштары жобамен алғанда бір мағынаны меңзейді.

Саньяси – бәрінен бас тартып және тұлғаның толықтай өзгергенін бастан өткеретін адам. Ол неге саньясиге айналады? Бұған жауап беру оңай емес. Оны мұндай өзекті өзгерісті іздеуге бастан өткерген қайғы-қасірет немесе бәрінен түңілу дүниеден

¹ Тропикалық ну тоғай.

баз кешу, өмірдің билікті пәлсапасы немесе бір сәттегі санасында нұрланған ойдың итермелеуі мүмкін. Бірақ себеп-салдары қандай болған күнде де, саньяси болған кісі өзінің өткенін зердесінен өшіріп тастайды. Саньясиді оның тап осы сәтте қандай екендігіне қарап, қабылдаған жөн. Ол бұл турасында ешқашанда есіне алмайды. Саньясиден оның есімін сұрау – бұл дәрежеліктің және әдепсіздіктің жоғарғы белгісі. Ол өзіне тек абстрактылы түрдегі қамқоршылықты ғана көрсете алатын есімді алады. Бұл есім оның ата-бабаларынан, оның бұрынғы өткені жайлы еш хабар бермейді. Ол меншіктің және адамзаттың барлық бұғауларынан босанады. Қайсыбір секталарда саньяси болудан бұрын, тіпті, өзін-өзі көму рәсімін де жасайды. Саньяси – қайыр-садақамен күн көретін кезбе. Оңаша үңгірде немесе орман қойнауындағы ұзақ медитациялардың мерзімі жетпесе, ол еш жерде ұзақ кідірістеп тұрмайды.

Әрине, кезбелікті жақсы көретіндіктен, осындай өмір салтын немесе әулиесымақ боп қарапайым жандардың алдында дегбірі қалмайтындығын пайдаланып байығысы келетін алдамшылар да бар. Йоганың кейбір түрлерін қолдана отырып, саньяси өзінде болмыстан тыс сегіз түрлі қабілеттілікті: көрінбей кетуді, ауада ұшып жүруді, бір металды екіншісіне айналдыруды, кеңістікте қозғалуды, адамдар мен жануарларды өзіне бағындыруды, тек ауамен ғана қоректенуді және тағы да басқа қасиеттерді оята алады. Алайда, мұндай сиқырлы қасиеттерді қайта өзгерудің кезеңдері ғана ретінде қарастыру керек, міне, сондықтан оларды елемеген жөн және оларды өзін-өзі көтермелеуге ғана емес, оларға өзгелердің қасіреттері мен ауыртпалықтарын басуға ғана пайдаланбаған абзал.

Менің кітабымда жолбарысты құтқару және оны іштей өзгеше ету үшін тақуа өзінің болмыстан жоғары қабілеттерін қосады. Сырт бейнесі мен биологиялық жіктеудің әрқилылығына қарамастан, тереңдік негіз баршаға бірдей және дұрыс жол таңдай отырып, жолбарыстан кез келген қалыпты адамда болатын қабілеттерге қол жеткізуге болатындығы баяндалады.

Р.К. Нарайан

1982 жылғы қазан

Осынау хайуанаттар бағының ауқымды немесе шағын екенін білмедім. Өйткені мен оның бір бұрышын және алдымдағы торда қозғалып жүргендерді ғана көріп отырмын ғой. Мені осында алып келген күні мен тек айқара ашылған қақпаларды ғана байқап қалдым. Сәл көтеріліп, мен алдымдағы торларды көріп және арыстанның дауысын естідім. Мені орманнан алып келген адам, джиптен жерге секіріп түсті де, мен жаққа қарап, былай деді:

– Аман-есен жетті. Барып бұрыштағы тор дайын ба, соны байқаңдар. Ол адамдардың арасында болуға үйренген және көп қозғалуға ыңғайлы. Оны келушілер көп баратын жерге орналас-тырған дұрыс. Жыртқыш жолбарыстарды қамаған кезде ол торлы қамауға шыға алатындай болсын. Осы жағын қамдастырыңыздар.

Олар енді ешқашан көре алмайтын Ұстазым үшін ғана осынша ыждағаттылықпен маған назар аударған болар. Тордың салқын еденінде мен керенау керіліп жатсамдағы, топтың ішінен Ұстазым міне-міне пайда болып, тордың есігін ашады да: “Шық, кәнеки, бізге жолға шығар сәт келді” деуін пайымсыз күтудемін. Міне, менің мәңгілік арманым. Мен қаптаған бейнелерге үңіле қараймын, бірақ олардың барлығы бірдей әрі сұрғылт, олардың ішінде Ұстазымдікіндей бірде-бір нұрланған бейне жоқ. Еркектер, әйелдер, балалар тор сыртынан қарайды да: “Жоқ, сіздер мына жолбарысқа қараңыздаршы! Не деген ол қаһарлы десеңізші!” – деп айғайлап қояды, мені ызаландырғылары келіп келекелейді, ал егер күзетші бұрылып кетсе, таспен жіберіп ұрулары да мүмкін. Сонсоң олар көрші торға ауысады – оның да мекендеушілеріне көз салып, оны да келекелейді. Сіз менің көрші жолбарысқа ұқсамайтындығымды, менің суық бейнемнің ар жағындағы нағыз болмысымды жасыратынымды түсіне алмайсыз. Мен ойлауға, ойға шомуға, нәрселерді ой таразысына салуға, еске алуға – сіз жасайтынның барлығын жасай аламын, бәлкім, сіздерден гөрі ақылдылау да шығармын. Айырмашылығым, тек сөйлеу қабілетінің жетіспейтіндігі.

Дегенмен сіз менің ойларымды оқи алсаңыз, мен сізге өз өмірімнің тарихын рақаттана отырып баяндап берер едім. Немесе сіз тордың арасынан қолыңызды созып мені сипаласаңыз, мен сізге алдыңғы аяғымды (әрине, тырнақтарымды тартып алып) ұсынар едім. Сізді сыртқы бейнем алдайды – менің тырнақтарым, азуларым және жанып тұрған көздерім, сөз жоқ, зәреңізді ұшырады. Оған сізді кінәламаймын да. Құдайдың тоты құстарды, тауыстар мен еліктерді ақындар мен суретшілерге шабыт берердей сұлу етіп жаратып, ал бізге сол Жаратқан неге соншалықты қорқы-нышты бейне бергендігі маған беймәлім. Жоқ, мен сіздерді маған жақын келмегендіктеріңіз үшін әсте жазғырмаймын. Тіпті, өзім де бірде шөлімді қандырмақ ниетпен суға еңкейгенімде, оның бетінен өз бейнемді көріп зәрем кеткен-ді. Бірақ, әрине мен онда жабайы аң емес, өз Ұстазымның серігітінмін және содан бастап “Мен кіммін?” деп сауал қоюды үйренген болатынмын. Менің сөздерімді келемеж етпеуіңізді өтінемін. Мен сізге өзімнің Ұстазым жайлы айтып беремін.

Мен үңгірде тіршілік еткен, жунглилерде шапқылап жүрген күндерімді және жабайы аң болған кездерімді (Ұстазым бұл анықтауышты ұнатпаса да) сүйсіну сезіміне бөленген ұятпен еске аламын. Мен Мемпи тауларының бірте-бірте жазыққа айналатын шеткергі етегіндегі кішкене өзеннің үстіндегі үңгірде өмір сүрген. Ол тауларда жауған жаңбыр буырқанған ағынға айналып, ал құрғақшылықта тайызданғаны сондай ну орманмен көмкерілген екінші жағаға жалдап өтуге болатын. Әлі есімде, шөнжік кезімде мен құмдақ еңістікте ойнап жүрдім, ал енем мені қорғаштап әрі қоректендіріп жүрген-ді, оның мені ұдайы бағып-қағатынын нық білетінмін. Бұл барлық тіршілік иелерінің балалық шағындағы табиғи адасуы – олардың ішінде адамдар да бар. Дегенмен ол бірде кешқұрым менің әлемімнен жай ғана жоғалып кетті. Зәрем ұшқанынан мен үңгірге тығылдым. Одан шығуға бел байлаған кезде, үлкен аңдар мені қуалаумен болды, жерге жықты, тістеледі, ал шағындары кәрленіп қатты қорқытты. Мен қатты ашықтым, тек анда-санда іліккен сұрықсыз олжа – қоян, кішкене түлкі немесе тиінмен қанағаттануға тура келіп жүрді. Әйтеуір тірі қалдым-ау. Және тек тірі қалып қана қойғаным жоқ, уақыт өте келе өзімді жунглидің жоғары әміршісі ретінде сезіндім. Мен ешкімнен қорықпадым, ал өзгелердің барлығының зәресін алдым. Өзіңнен әлсіздерге айуандық, ойсыз қатыгездікке толы күндердің де болғандығы түсінікті. Мен жолықтырғандардың барлығы да менен әлсіздеу болды, олардың бәрі де маған толық бағынушылық білдіріп

бақты, бірақ мұнысы оларды құтқара алған жоқ – мен бәрібір содыр соққымды беріп бақтым, орманда билігі толық патшадай адымдай жүріп, білгенімді жасадым. Айтпақшы, арыстанды аңдардың патшасы етіп жариялап жүрген кім өзі? Бәлкім, жөнсіз күдірейген жалына еліккен мысалшының бірі шығар? Ал тап сондай өзгеше ұйқышыл жалқауды таба алмайсың ғой. Ол өзінің күш-жігерін қорек іздеу үшін сақтайды, ал әбден тойынғаннан кейін күндер мен түндер бойына сілейіп жата береді, тіпті кез келгеніміз оның үстіне жайғасқанда тура мамықта жатқандай болар едік. Егер құс оның жалына ұя салып, балапандарын басып шығарамын десе де құлағын селт еткізбес еді. Ал оның мақтай беретін күшіне келетін болсақ, маған бірде онымен цирк аренасында күш сынастыруға тура келді – сонда ол өзінің патшалық жалын тарағыштай бастағанымда жұлынып кеткен құлағымен құтылғанына жасағанға рақмет айтып, кейін торына қарай зыта жөнелген-ді. Ал мені шталмейстердің өзі арқамнан қаққан-ды.

Жунглиді мекендейтін барлық тіршілік иелері мен жақындап келе жатқанда-ақ дірілдеп қоя беретін. “Бұл әлемнің билеушісі кім екенін білсін бұлар және есте сақтасын!” деп ойланатынмын мақтанышпен. Мен үңгірден шыққанда, иісім өзімнен бұрын алға кететін, содан ағаштардағы маймылдар мен құстардан өзгесі тығылуға асығатын. Мойынға дейін жететін ұзын шөптердің арасында қыдырыстап келе жатып, кез келген тіршілік иесінің жолымнан құрметпен жоғалатынына күмән келтірмейтінмін. Біздер, жунгли мекендеушілері, бір-бірімізбен сөздердің көмегінсіз-ақ тілдесе аламыз: көңіл білдіреміз, реніш сездіреміз, өкпелі түрде қажет етпеу, қалжыңдау, қорлайтындай жек көру, махаббат пен өшпенділік – бәрі де адамдардағы сияқты, тек олардан өзгешелігіміз – тура қажет болғанда ғана, ал олар болса әсте ауыз жаппай, тіпті ұйықтап жатқанда да мылжыңдауды жалғастыра береді ғой. Мен өтіп бара жатқанда көжектер жан-жаққа безектей жөнелетін, ал менің көзіме түскен қорқаулар құлақтарын жымитып, құйрықтарын жасыратын, мойынсұна көздерін жұмып: “Біздің билеушіміз һәм мырзамыз келе жатыр! Жол беріңдер оған, жол беріңдер...” – деп, баяу ғана тістерін шықырлататын. Мұндай құрмет жаныма жағып, ұлылығыма ұлылық қоса түскендей әсер қалдыратын. Бірақ, кейде біздің қауымдастықтың ішінде өзін тым жоғары қоятын мүшесі де маған кезігіп қалатын. Мен жанарымның қиығымен оның мені көрмей тұрғандай болғанын – басын басқа жаққа бұрғанын немесе мен

қол жеткізе алмастай тікенекті бұтаның түбіне орнығып алғанын байқап қалатынымын. Мен мұндай әдепсіздікті есте сақтап, орайы келгенде наданды жазалап отыратынымын. Біздің келесі кездесулерімізде мен оны сәл ғана тырнап немесе тістеп алатынымын, бірақ бұл жаралардың жазылуы ұзаққа созылатын, ал ол көзінен немесе тісінен айырылатын, әйтпесе айырылған аузымен қоректенуге тура келетін. Мен болсам, жеңісімді тойлайтынмын. Сенсеңіз, біздің бұдан кейінгі кездесулеріміздің барлығында ол тәкаппарлық жайлы ұмытатын. Біздің ормандағы қауымдастықта бәрі де менің толық және дау туғызбайтын артықшылығымды үнсіз ғана мойындайтын. Бірде осы жайында еске алғанымда Ұстазым адамдарда әрқилы дәрежеде және әртүрлі пішінде көрінгенімен бәрі тура осылай бой көрсетеді деген.

Иә, бүкіл аң-жануарлар менен қашқақтайтын, бірақ менің өзім де солардың біреуінен – жыртқыштығынан бойымды барынша аулақ ұстайтынмын. Бала кезімдегі онымен бір ғана кездесудің өзі жеткілікті еді. Мен бірде ақылсыз алаңғасарлыққа салынып, оны ауаға лақтырып, қағып алмақшы болып едім, бірақ оның қарып түсетін инелерінің менің тұмсығыма сондайлық күшпен қадалғандығынан өзіме, үңгірге ұмтылдым да, әлім құрып жерге құлап түстім. Мен содан неше күн бойы сілейіп аш жаттым да, ендігі біткен шығармын деп ойлағанмын. Ұзын құйрықты, қара тұмсықты лангур қауіпсіздеу жердегі інжірдің бұтағына жайғасып алып және маймыл атаулының әдетінше әлдеқандай жемісті кажалай отырып, шиқылықтай күлді де, жария етті:

– Саған сол керек! Дені дұрыста кім жайраға жақындайды? Ақымақ әрі топас! Таза етті сезіп қалып бас салғансың ғой! Сен өзіңнің аңшылық қабілетіңмен тым дандайсып кеткен жоқсың ба?

Басымды көтеріп, оған жете алмайтындығыма ыза болып, ырылдадым. Ал ол болса елдің бәріне және әрқайсысына болған жайды айтуға асығып қаша жөнелді. Жунглидегілерге маусым ауысқанша бұл жағдай ермек болды.

– Өшір үніңді!– деп ақырып қалдым мен, бірақ құлақ асқан ұзын құйрықты жоқ.

– Саған, рақымсызға, шындықты көзіңе айтқаннан кейін мен әлденені қоса айтайын, ал сен ыждағатпен құлақ сал. Егер сен өзеншіктен өтуге қабілетті болсаң, оның ар жағында сарғыш итмұрын тектес тікенекті бұта өседі. Соған қатты сүйкен, ал оның жапырақтарынан төгілген сүттей сөлі сені инелерден құтқарады және жараларыңды емдейді. Ана бір қойнаууды көріп тұрсың ба? Соған қарай жүгір, батпағына батып шық, әрлі-берлі домала. Ол қамыстан көрінбейді...

Ту-у, өзімнің тіпті бастан кешкендерімді айтумен елігіп кетіппін, кешіріңіздер. Жунглидегі тіршілігімді еске ала отырып, мен өзімді-өзім ұстамды болу қабілетімді жоғалтқан сыңайлымын. Мен өзімді бұл тұрғыда әрегідік кінәлі сезінетінмін, бірақ менің ойларымды оқығандай болатын Ұстазым мұнда тұрған ешқандай әбестік жоқ, ол менің өмірімнің бөлінбес, ажырамас бір бөлігі, мен одан қаншалықты алыс кетсем де солай болады деді...

Иә, маймылдар әбден ызамды кетіріп бітті. Олар жерден жоғарыда тіршілік етті, жүгірді, секірді, тіпті жунглидің ережелер мен заңдары оларға жүрмейтіндей сезінді. Тап осындай қияңқы тайпа, қайтерсіз. Мен олардың көрінген жерде жүріп, жапырақ-тарға жасырынатынын, арам ойлы сыбыстар таратып және менің беделімді түсіргілері келетіндіктерін білетінмін. Олардың одақтастары паналарын жоғарыдан тапқан, әрі оның үстіне мен көрінгенде ұша жөнеле алатын құстар болатын. Мен кей кездері ағашқа өрмелей алмайтындығыма немесе сәл ғана қашықтыққа ұшып бара алмайтындығыма қаншалықты налыдым десеңізші! Солай болған күннің өзінде-ақ осынау арамза тобырды түгелдей қырып тастар едім. Маған әсіресе, үкіге, жалған данаға жету қажет еді: ол имиген тұмсығына көздерін қисайтып алып, аң-жануар атаулының барлығына ақыл айтатын, құпияда беделімнің түсуін арман ететіндердің бәріне кеңес беретін. (Мен, әрине, сол сәттегі қалай ойлағанымды сол күндерге тән түйіндеулерді қолдану арқылы жеткізіп отырмын.) Мен бірде әлдебір ағаштың түбінен өте бергенімде кенет әлдекімнің кекетіп уһілегенін және шикылдағанын естідім, жанарымды көтеріп едім, “сүйкімді жұп” – үкі мен оның сыңарын көрдім.

Ол жанындағысынан сұрап жатты:

– Патша адымдап келе жатқанда не істеу керек? – Және қандай да бір жауап алған соң, сұхбатын жалғастыра берді: – Ал егер оны істемесе ше?

– Ол сенің мойныңды үзіп алады.

– Аһ, солай ма? Егер ол өзінің семіз денесімен ағашқа өрмелей алса игі...

Ал сатқын қарғалар ше? Олар менің соңымнан қалмай аңдиды, мен олжамды алып барған жердің үстінен ғаламат айғай көтеріп, тапқанымды тояттауыма мүмкіндік бермей, арасында мен оларға қадам бассам, менің олжамды шұқылайтынын қайтерсің. Ол ол ма, қарғалардан да лашындар, бүркіттер және сол тектестер аспан астында тек бір мақсатпен – өлекселерге шүйілігіп қорек ететіндер тіптен жаман болатын. Мұндай арамзалардың ойы – тек өзгелердің табысын қалай да пайдалану ғана.

Мен қабыланды да байқастаған едім. Менің орманымда бұл жексұрындардың отбасының қанша мүшелері жортып жүргендерін белгісіз еді. Әдетте олар өзге көзден таса жерлерде жасырынып тұқым тастап көбейеді. Қабыландардың жасырына білушіліктері соншалық, егер олардың біреуін байқастасаң, екіншісін байқап үлгермейсің. Қабыландардың жұбын кездестіру – өте сирек құбылыс. Қолға түспейтін аң. Мен жақындағандай болсам, ол менен жоғары тұрғанын көрсеткендей, ағаштың басына дейін өрмелеп шығып алатын. Мен бұл сұмырайды байқамағандай сыңай танытамын, ал анау (қабыланның жылдамдығы сондай, ол кімнен болса да құтылып кетеді) өзінің жоғарыда екенін және ешкімді елең қылмайтынын көрсетіп бағатын. Мені көрісімен, ол әдетте мияулай бастайды, ырылдайды және кекетіп жөткірінуге кіріседі. Ал егер қасында ұрғашысы болса, олар өздерін тіпті дөрекі ұстайды, жолбарысқа қорлық көрсететіндей қатты дауыстап сындарын айтысады, денесіндегі теңбілдердің біздің жолақтардан артық-шылықтарын талқыға сала бастайды.

Жунглиде жолбарыстардың жолақтары қалай пайда болғандығы жайлы қисынсыз аңыз аралап кеткен-ді. Әлемдегі ең тұңғыш жолбарыс арыстанға ұқсапты және оның барша құмдақ-сарғылт жүні нағыз алтын төгіп тұрған деседі. Жоқ, сіз тек көз алдыңызға елестетіп көріңізші! Бірақ ол әлдебір орман рухын өкпелетіп алады да, ал орман рухы арқасын әбден қызған көмірмен айғыздап тастайды. Қабылан сынды қорқақ күншіл таратқан лайықсыз өсек осы тақылеттес болатын. Ол әрине, өз таңбаларынан іштей ұялады да, бірақ оларға міне, осындай ақтауды ойлап тапқан. Қабылан өз ілбісімен олардың маңайынан мен өтіп бара жатқан сайын осы бірсарынды – ұзақ, зеріктіретін әуенді ыңылдаумен болатын. Мен олардың қайда жасырынғанын аңғарсам, олардың үндерін өшірулеріне мәжбүр етер едім. Бірақ олар ақыры көрінбей қоятын, ал маған оларды тауып алудың сәті түссе де, қалың жапыраққа найзағайша сіңіп кететін. Мен денесін теңбіл басқан қорқақтардың алдында еш шарасыз болып қалатынымын, бұл менің абыройымды менің билігіме бас иетін және мен жақындаған кезде қашуға асығатын жунгли “мекендеушілерінің” алдындағы абыройымды түсіретін. Мен түнде де, күндіз де қабыланды қалай тізе бүктірудің немесе оның көзін жоюдың жоспарларын құратынымын, бірақ ол менің ойымның алдын орап кететін. Мен кейде оның үңгірдегі немесе шатқалдың тереңіндегі мекенінен табуға тырысатынымын, ал ол менің ниетімді сезіп, биік жартастың басына шығып алып, маған енжар ғана қарап отыратын, әйтпесе тап бір ақ тиіннің

жылдамдығындай жылдамдықпен інжір жемісінің бұтағына шығып алатын... Маған тек көп ұзамай оның орманымда жүргеніне көндігіп, тек оңтайлы сәтті күту ғана қалғанына көзім жететін. Бірақ ол менің әбден дегбірімді алып бітті. Өйткені ол мен аулайтын жабайы құс атаулыны үркітіп, құс қаққанда менен бұрын алға шығып, озып кететін.

Дегенмен, менің қабылансыз да уайымым жетіп артылатын. Мен одан жай ғана бұрылып кетіп немесе қасынан өтіп кете аламын ғой. Ал менің шағын манго тоғайында ұшырасып қалған өзім тектес ұрғашыммен жөн басқа – оның айбындылығы менің айбындылығымнан кем емес-тін. Мен оны алыстан сездім де, шешімсіздіктен тоқтап қалдым. Әрі қарай жүре берейін бе, әйтпесе басқа жаққа бұрылайын ба? Мен кешкі аң аулауды әлгінде ғана бастаған едім және өзімді аштық қинамаса, басқа жаққа қарай бағыт алар едім. Бірақ алдымда, аңғардың ар жағында, бұғылардың табыны үнемі жайылып жүретін. Ол жолымды бөгеп, соқпақтың ортасында отырды. Мен оны бұрын ешқашан көрмеген едім – шамасы, ол мұнда көрші орманнан келгенге ұқсайды. Біздер, жолбарыстар, әдетте бір-біріміздің аң аулайтын жерлерімізді сыйлаймыз және олардың шекараларын бұзбаймыз. Оны көрген сәтте-ақ менің тұла бойымды ашу-ыза кернеп кетті.

– Кет жолдан былай! Келген жағыңа қайта жөнел!– деп гүр ете қалдым.

Ол мұны әзілге балады да, тек сәл ғана құйрығын бұлғады да қойды. Мұндай әбестікке жол беруге мүлде болмайтын еді. Ол шалғындағы бұғыларды бағдарлап маған теріс қарап отырған-ды. Бізаға булыққан мен оның арқасына секіріп міндім де, қуатынан жабайы енекенің¹ өзі сілейіп қалатындай етіп буындыруды көздедім. Бірақ, менің таңғалғаным, бұл бикеш мені жерге жай ғана сілкіп тастай салды. Тырнақтарым оның терісіне бата қоймаса да, ол алысқа бармай-ақ бұрылды да, алдыңғы аяғымен көздерімнен бір салып өтті де, кеңірдегімнен қыршып алды. Бағыма орай мен көздерімді жұмып үлгердім, бірақ маңдайым тілгіленгеннен көздеріме қан толып кетті. Бұл сәтте, әдеттегідей, қанның иісіне жер астынан шыққандай шибөрі пайда болды да, әлдеқандай кеңес айтты, бірақ мен оны ести алмадым, өйткені, бикеш бұрылды да, сұмдық соққымен сілейтіп түсірді. Мұндай ғаламат күш иесін мен бұрын-соңды кездестірген емеспін. Бәрінен дұрысы мұндай

¹ Енеке – буйвол.

сұмдықтан абыроймен шегініп кетіп, үңгірге бой тасалау еді. Бірақ мұнымен өзімнің абыройымнан айырылар едім де, қорқау қасқыр менің қор болғанымның куәгеріне айналады ғой. Жоқ, айқасты менің не оның ажалымен аяқталса да, қабылдау қажет болды. Біз айқаса кеттік: алыстық, тістестік, бір-бірімізді тырнақтарымызбен және азу тістерімізбен пәршаладық. Маған жұлқынып шығудың сәті түсті де, мен оған бар салмағыммен құладым – мұндай сәтте жартасты төңкеріп тастауға талпынар едім. Маған мұндай қарсыласпен жағаласудың орайы әлі келген жоқ-ты, ал қандай болмасын күш жұмсаудың шегі бар ғой, содан мен шыдай алмай, қанға бөккен күйімде жерге құлап түстім. Менің тіпті қашып кетуге де әлім қалмады. Сөйтіп мен әлдеқандай сұрқия шибөрінің көз алдында абыройым төгілді деп қаймықпай, мұны бірден жасауым керек еді деп күйіне ойладым. Оны жай ғана аяғымның соққысымен жалпита салсам, қаншама өз қанымды сақтап қалар едім десеңізші!

Менің терімнің жұлма-жұлмасы шықты және өзімді менің сұмдық қарсыласыма да оңай соққан жоқ деген оймен жұбату ғана қалды. Ол да ырсиған-ырсиған жаралардан саулаған қанға малынып ойпаңда созылып жатты. Оның үстіне менің денемдегі жарақаттан аққан қан тоқтай бастағанда, мен оның көздері қанға бөгіп, ашылмай жатқандықтарын байқадым. Әрине, мен де ол сияқты, оны көздерінен соғуға тырысқан едім, бірақ, бәлкім менің соққыларым сәттілеу болды-ау деймін. Сайып келгенде, оның күші болғанымен, қабақтарын аша алмағандығынан ғана кейін шегінді.

Сөйтіп, біз тереңнен дем алып, жаттық та қойдық, ал шибөрі болса өзінің баспанасынан бері шығып, өзін едәуір қашықтықта ұстай тұрып, біз оны жақсы еститіндей етіп қыңсылады.

Егер оның сөздері бізге ұнамай қалса, не мен, не бикеш оған ұмтыла алмайтынымызды ол көрді, сөйтсе де, шегінуге мүмкіндік қалдырып, тым жақындап келмеуді жөн санады. Ең бағынышты түрде ол былай деп сұрады:

– Маған сендердің неге сонша айқасқандарыңды және өздеріңді осындай азап шегуге душар еткендеріңді білуге бола ма? Егер осы айқастың себебінің жартысының жартысын атай алсаңдар, маған сол да жетер еді.

Не мен, не ол еш жауап қайыра алмадық, тек қана ыңырсып ыңқылдаумен болдық. Менің әлсіздігім сондай, қорқаудың толық жаза шекпейтінінен мені жағымнан сипалап немесе мұртымнан тартқылауына да болушы еді. Бірақ мен айналамды көріп жатсам да, ал бикеш жолбарыс сәл уақытқа соқыр болып қалған еді. Ал шибөрі баспалап жалғастыра берді:

– Егер сендердің жауласуға себептерің болмаса, онда неге дос болмайсыңдар? Егер сендер өз күштеріңді біріктірсендер қандай ғаламат күшті болар едіңдер?! Сендер тек осы жунглидің ғана емес, іргелес жатқан, одан да әрі жатқан ну ормандардың билеушілеріне айналасыңдар ғой. Құтырып кеткен піл ғана болмаса, сендерге ешкім қарсы тұруға бата алмас, бірақ екеуің біріккендер, пілді де тізе бүктіресіңдер. Егер сендер қатар тұра қалсаңдар, бүкіл жунгли дірдек қағатын болады.

Оның дәлелдері сенімді болып көрінді. Кенет мені өзімнің қарсыласыма деген аяныш баурап алды да, мен оның мені аяғанын ризашылықпен түйсіндім. Мен орнымнан күшпен әрең көтерілдім, ал қорқау менің ниетімді түсінбей, қас пен көздің арасында жоғалып кетті, мен болсам, “Сен маған жақсы кеңес бердің” деп айтып та үлгермедім. Төрт аяғыма бірдей ақсаңдап, ұрғашы жолбарысқа жақындап келіп, өз өкінішімді білдірдім және оның алдында кінәмді өтегім келетінін айттым. Бірақ оның орнынан тұруға да, тіпті, маған қарауға да шамасы келмеді. Мен оның көздеріндегі қатып қалған қанды сыпырып түсірдім де, дәу денесінің қасына отырып, биязылықпен әрқилы қызметтер көрсеттім, ақыры ол бір көзін ашып, қозғала бастады. Өзімді бұған қорқыныштан зәрем ұшып кетті: ал егер осы жерде ол маған өлім әкелетін соққы сыйласа ше? Егер оған мұндай ой келсе, оны жүзеге асыру онша қиын емес-ті. Бірақ онда да өзгеріс орын алыпты. Жақсылап жеңіл тыныстау, көру және қозғалу мүмкіндігіне ол менің қамқорлығым арқылы ие болды ғой. Ол менің соңымнан ала жүрді, содан біз өйтіп-бүйтіп жуық маңдағы су айдынына жеттік те, барлық қаннан тазарып, өзімізді өзіміз айтарлықтай жеңіл сезінгенше ұзақ шомылдық.

Біз, жолбарыстар, адамдар құсап уақытты белгілемейміз, бірақ, біздің арқамыздан жаралардың соңғы қабыршақтары түскен кезде отбасымыз төрт кішкентайға көбейді, олар болса үңгірде әрлі-берлі секірумен болды.

Олар әзірге тек қана сүтпен қоректенген кезде бәрі жақсы болатын. Олар ешқайда жүгірген жоқ, бұл шөнжіктердің көкжиектері ежелерінің қарнымен шектелген еді. Шөнжіктер бақытты еді; сүтке қанып алғаннан кейін, олар өз үңгірімізде кең қолтық жатқан ежелерінің жалпақ бүйіріне тырмысып шығып алып, емін-еркін ойнай беретін. Ал мен жунглиде баппен қыдырыстап, отбасымнан аулақта дем алуға мүмкіндік табатынмын. Маған әсіресе, бамбуктың балапан бұтақшаларының үстінде жату өте ұнайтын, оның қозғалып тұратын дінгектерінің көлеңкелері мені жақсы жасырып, бұғылар мен өзге ұсақ аңдар мүлде жақын өтетін,

ол маған өз отбасымды тамақпен қамтамасыз ету үшін бұрыла беріп табаныммен ұрып жіберу ғана қалатын.

Сонсоң шөнжіктер өсті, аяқтарына нық тұруды үйренді, содан жан-жаққа жүгіріп кетуді шығарды. Олар үшін қауіпті уақыт туындады. Аю оларды табанымен соғып қалып, енеке таптап тастауы кәдік еді. Жазықтары не дейсіз ғой? Бірақ жунгли – тозақ мекен, онда әлсіздерді де, жастарды да аямайды, тек олардың қорғансыздығын пайдаланады. Бізге әрдайым шөнжіктерді қалт жібермей күзетуге тура келді. Біреуі бұлаққа жүгіріп кететін, екіншісі арғы жағалауға шығатын, ал үшіншісі аптал қырандар ұя салған жартасқа өрмелейтін, олар болса көзді ашып-жұмғанша бұларды тұяғына қыстырып алып биікке алып кетсе, байғұстардың сүйектері ғана күн көзінде ағараңдап жатар еді. Жолдарында кездесетін кез келген тіршілік иесін тұтасымен қылғыта салатын питондар¹ да аз қауіп әкелмейтін. Оның үстіне шөнжіктер жартастың терең жарықтарына түсіп кетулері де мүмкін еді. Біз оларды әрдайым дерлік ажал аузынан құтқарып отырумен болдық. Олар өсіңкіреді, енді шалдуарды жалынан ұстап алып, үңгірге алып кетуге болмай қалды; енді оларды шапалақтап отырып қана қуып тығатын болдық, содан кейін не мен, не олардың енесі шөнжіктер тағы сыртқа кетіп қалмас үшін, шығар ауызға көлденең жатып алатын болдық. Бірақ бұл уақытша ғана амал болатын.

Көп ұзамай біз кедергі болудан қалдық. Шыға берістегі күзетшінің сәл ғана мүлгіп кетуі мұң екен, шөнжіктер одан қарғып түсіп, айналадағы тіршілікті зерттеуге жөнелетін. Бізге олардың естиярлығы ұнайтын, бірақ ол біз үшін ауыр сынға айналатын. Бірде кешқұрым шөнжіктерді күзететін кезегім келді, ал олардың анасы олжа іздеуге аттанды. Мен оның құмдақ белдеуден бұлаққа түсіп, ана жағалаудағы ну қопаға жасырынғанын көрдім. Мен жай жатқанымда шөнжіктер үңгірдің түпкірінде ойнап жүргендей көрінді, бірақ менің қалғып кетуім мұң екен, олар өздерінің кәдуілгі тәсілдерімен зытып отырыпты. Көздерімді ашқан мен, олардың бастарын кегжитіп алып, бұлақ арқылы жүзіп бара жатқандарын көрдім. Маужырағаным сондайлық, олардың соңынан ұмтылғаным жоқ – оның үстіне олар аналарының соңынан кетіп бара жатқандай көрінді. Әне, олар қарсы жағалауға да шықты... Еш қорқары жоқ: аналарын қуып жетеді де. Олардың да тәжірибе жинақтайтын мезгілдері жетті: аналарының қалай аң аулағанын көрсін, ал сонсоң бірге олжаларды жылыдай бөлісетін де болады.

¹ Усыз ірі жылан.

Жел үңгір жаққа қарай соғып тұрды, соққан желмен бірге маған бір жерде шөпшек сындырып жатқандай тырсыл мен үйреншіксіз басқа дыбыстар да естіліп жатты. Мені әлдебір мазасыздық билеп алды. Шөнжіктер де, олардың анасы да оралмай қойды. Өз отбасымды үңгірге шақырып, орманды, жазықтар мен тауларды аралап кеткен күркіреген гүрілге бастым. Әдетте маған жауап ретіндегі гүріл жететін, ал бірақ бұл жолы тыныштықты тек қана таңмен қоса оянған құстардың шырылы ғана бұзумен болды. Мен үңгірден шықтым, баурайға түстім де, бұлақты шөнжіктер жасырынған бағытта жалдап өттім. Иіс мені таулар тізбегінің биігіне, ал одан – жунглилерден шеткергі адамдардың мекендеріне апаратын соқпақ ирелеңдеп жататын аңғарға қарай бастады. Азаптан және ашынғаннан мен өкіріп жібердім... бірақ табан астында үнімді өшірдім де, жерге жата қалдым – алыста, сонау төменгі алқапта шөнжіктер мен олардың енесі жатқан арбаны сүйретіп және итерген адамдардың тобырын көрдім. Адамдар әндетіп, шаттана құлақ жарғандай айғайлағаннан менің шақырған дауысымды естіген де жоқ. Бұған дейін мен біздің жунглилер адамдар үшін қол жеткісіз әрі тыйым салынған өлке деген нық сенімде болатынмын. Турасын айтқанда, мен бұл тұқымдағы тіршілік иелерін тап бір тұңғыш рет көргендей болдым. Енді міне көз алдымда адамның аяқтары біздің жерді таптап жатты. Менде алдын ала сұмдық сезімдер оянғандай болды. Мен шаттана қуанған тобырдың қалай ілгері сырғанағанын байқақтадым. Масайраған олар мені аңғарған жоқ, оның үстіне мен үлкен тастардың арасында жаттым. Сонсоң мен өзге тастарға қарай секірдім де, тобырдың артынан ұрлана еріп отырдым. Бірақ осы кезде атып келе жатқан күннің сәулелері менің көздерімді шағылыстырып жіберді де, тобыр ауаға сіңіп кеткендей болды. Мен тік жардың көлеңкесіне жылжыдым да, сонда барып жаттым.

Мен ымырт үйірілгенше ұйықтадым, ал оянған соң тобыр қозғалған бағытқа қарай жүрдім. Мен өзімді жунгли тұрғындарынан – шибөрі мен үкінің байқамағандықтарын қаладым, өзімді үкі отырғанды жақсы көретін ағаштардан және шибөрінің әдеттегі мекені – бұталардан аулақ ұстадым. Ешкім бармайтын тастақ беткейге бой тасаладым. Деревняға жеткенімде, жұрттың барлығы дерлік шырт ұйқыда еді. Мен еш дыбыссыз құдыққа жылжыдым да, түннің терең тыныштығы орнауын тостым.

Шөнжіктер мен олардың анасының өлекселері тиелген арба көшенің шет жағында тұр екен – маған жақсы көрініп тұрды. Онда

еш қозғалыссыз жатқан отбасымның көрінісі менің қаһарлы ашуымды кернеді. Ол күндері мен асау аң – жолбарыс едім, сондықтан ашу-ызадан өзге ештеңені сезінбейтінмін – қайғы-қасірет дегеніңіз маған енді ғана түсінікті болды. Ауыр соқыр ыза мені буындрып тастады. Менің атып тұрып, алдымнан кезіккенге секіріп шығып, бәрін де еш таңдамастан тұяқтарыммен жұлмалап, азуларыммен тістелеп өлтіре бергім келді. Менің арбаға да секіріп шығып, шөнжіктерді ұстап алып, оларды бұл жерден аулаққа әкеткім келді...

Менің секіруге ыңғайлана бергенім сол еді, алайда осы жерде адамдар сығылыса отырған арба (қазір мен оның джип деп аталатынын білемін) пайда болды. Олар ауылдастарын шақырып айғайлауға кірісті. Деревня оянды, шөнжіктер тиелген арбаның айналасына мінгірлеген, бақырған, тәжікелескен адамдар қаптап кетті. Менде олардың барлығының жұлма-жұлмасын шығаруға деген ниет дегбірімді алса да, іркіліп қалдым. Менің осында, құдықтың басында жатқанымды ешкім де аңғарған жоқ: жердің үстінде олардың өліктерді джипке қалай апарып, кеткендерін қарап жаттым. Ауылдастар үйді-үйіне тарасты, сөйтіп тынышталған деревняны қараңғылық жайлады. Құдықтың қасынан шықтым да, көше бойымен жүріп келем. Иттер шәуілдеп, деревня қайтадан оянды. Мен құдыққа оралдым да, тағы соның қасында жаттым. Бірақ оным ұзаққа бармады. Құдыққа шелектер мен құмыралар ұстаған бір топ әйел мылжыңдасқан күйде жақындап келді. Төбеге қарай ойыстым да, лантан бұталарының арасына жасырындым.

Бозарып жаңа күн шықты да, кешке дейін қалғып-мүлгумен болдым. Күн тағы да батып, жерге ымырт үйірілгенде, егістіктерден деревняға қарай төбелеріне буынтақ-буынтақ шөпшек қойып алған адамдар малын айдап оралып бара жатты. Бұталардың арасынан өтіп, мен соқпақтың шетіндегі үлкен тасқа жасырындым да, өзгелердің артында келе жатқан жануарға секіріп мініп, кеңірдегінен тістеп, сүйретіп әкеттім. Сөйтіп аз дегенде екі күнгі аштығымның бетін қайтардым. Бірақ маған екінші жолы осындай тәсілмен аң аулаудың сәті түспеді. Қожайын сиырын жоғалтып, қан іздерімен жолымды біліп алғанда, маған тек қана жатын орын ғана емес, аң аулаудың да амалдарын өзгертуге тура келді. Бұлар қайтсе де ізіме түсе алмай қойды.

Шамасы, олар өз деревняларына жыртқыштың қалай келгіштеп кеткендігін ұғына алмай қойса керек.